



Мемлекет басшысы АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серджио Гормен және АҚШ Мемлекеттік хатшысының бірінші орынбасары Кристофер Ландаумен кездесті

Кездесуде Вашингтонда өтетін С5+1 саммиті қарсаңында қазақ-америка кеңейтілген стратегиялық серіктестігін дамыту перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың С5+1 саммитіне арнайы шақырғаны үшін алғыс айтты.

Президент алдағы жоғары деңгейдегі кездесу ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың басты бағыттарын айқындау тұрғысынан нәтижелі болатынына сенім білдірді. Қазақстан Америкамен сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестікке тың серпін беруге мүдделі.

Мемлекет басшысы еліміздің АҚШ Президенті жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты қолдайтынын жеткізді. Осы орайда Дональд Трамптың бейбітшілікті нығайтуға және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан



үлесін жоғары бағалады.

Қазақстан Президенті жаһандық үдерістердегі Орталық Азияның рөлі артып келе жатқанына тоқталды. Аймақ елдері бұрын-соңды болмаған бірліктің үлгісін, тату көршілік пен ортақ прогреске деген ұмытылысын көрсетіп отыр.

Өз кезегінде Серджио Гор Қасым-Жомарт Тоқаевқа Америка Президентінің сәлемін жеткізді. Ол АҚШ сыртқы саясатындағы Орталық Азия өңірінің стратегиялық маңызын растады. Оның пікірінше, Вашингтонда өтетін алдағы кездесу екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтереді.

Әңгімелесу барысында энергетика, аса маңызды минералдар, цифрландыру, көлік және логистика салаларындағы өзара тиімді серіктестіктің әлеуеті қарастырылды.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электр энергетикасын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Онда Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, энергетика министрі Ерлан Ақкенженов, сондай-ақ энергетика секторы ұлттық компанияларының өкілдері баяндама жасады.

Соның ішінде энергетика министрі еліміздің энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарының барысы туралы баяндады. Ол еліміздің энергетикалық жүйесі штатты режимде және РФ мен Орталық Азия елдерінің энергетикалық жүйелерімен үйлесімді қалыпта жұмыс істеп тұрғанын атап өтті. Елімізде 237 электр стансасы бар болса, оның 79-ы дәстүрлі генерация көздері, қалғаны 158 жаңартылатын энергия көздерінен тұрады. Министрлік энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, қуаттарды кеңейтуге және цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған шараларды тұрақты негізде қабылдап келеді. Министр 26 ГВт-тан астам жаңа қуат көздерін қосу қарастырылып отырған «Энергетика саласын 2035 жылға дейінгі дамыту жоспары» аясындағы жұмыстар қарқынды түрде жалғасып жатқанын айтты. Жаңа қуаттарды іске қосу қолданыстағы стансаларды жаңғырту арқылы да және жаңа қуат өндіру қондырғыларын салу арқылы да жүзеге асырылады. Осылайша, 2029 жылы Қазақстанның энергетика жүйесін профицитке шығару жоспарлануда.

«Энергетика министрлігі 2029 жылға дейін еліміздің энергетика жүйесінде жаңадан 6,7 ГВт қуат көздерін іске қосуға мүмкіндік беретін 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Былтыр 770 МВт-тан астам жаңа қуат көзі іске қосылған болса, оның 608 МВт-ы дәстүрлі, ал 163 МВт-ы жаңартылатын энергия көздері. Ал 2025 жылға белгіленген 621 МВт-тың 166-сы дәстүрлі генерация, ал 9 нысан, яғни 455 МВт – ЖЭК. Бүгінгі таңда 370 МВт іске қосылды, оның ішінде 216 МВт жаңартылатын энергия қуаты. Жылдың соңына дейін 251 МВт іске қосылады. 2026 жылы шамамен 2 600 МВт, оның ішінде жиынтық қуаттылығы 174 МВт жаңартылатын энергия объектісін енгізу жоспарлануда. 2027 жылы қуаттылығы

Энергетика министрлігі 2029 жылға дейін 6,7 ГВт жаңа қуат көзін іске қосатын 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр



шамамен 1 500 МВт, оның ішінде 573 МВт-тық 13 ЖЭК объектісін іске қосу қарастырылып отыр. 2028 жылы 2 мың МВт-тан астам қуаттылықты, оның ішінде 245 МВт 3 жаңартылатын энергетика нысанын пайдалануға беру көзделуде. Осылайша, 2029 жылы экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін толық қамтимыз деп күтіп отырмыз, энергетика жүйесін профицитке шығару жоспарлануда, бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға да мүмкіндік береді», — деді Ерлан Ақкенженов.

Сондай-ақ энергетика министрі Үкімет отырысында Мемлекет басшысының көмірден алынатын қуат көзін таза көмір технологиясы базасында дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес атқарылып жатқан жұмыстардың барысы туралы баяндады. Ол министрлік тарапынан қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуды көздейтін экологиялық талаптар мен нормаларға сай келетін бірқатар ірі жобаны, соның ішінде маневрлік режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отырғанын атап өтті. Ендігісі Екібастұз ГРЭС-3-тің құрылысын салу үшін инвесторды айқындау бойынша тендер өткізілді және Курчатова қаласында ЖЭС салу үшін тендер жариялау жоспарлануда. Тікелей шарттар шеңберінде министрлік «Самұрық-Энерго» АҚ компаниясымен бірлесіп Көкшетау, Семей, Өскемен

қалаларында жылу электр орталықтарын салу жобаларын жүзеге асыруда, онда түтін газдарын сүзудің озық жүйелері, ауыр металдарды тұтып қалу технологиялары қолданылатын болады.

Маневрлік генерацияны құруға бағытталған аукционды өткізу аясында Астана және Шымкент қалаларында бу-газ қондырғыларын салу бойынша аукцион жарияланды. Жалпы аталған механизм оң нәтижелер көрсетуде және 2022 мен 2024 жылдары жалпы қуаты шамамен 2,5 ГВт болатын бу-газ қондырғыларын салу бойынша 8 жобаның инвесторларын анықтауға мүмкіндік берді. Қытайдан, Еуропадан және араб елдерінен келген стратегиялық инвесторлардың қатысуымен үкіметаралық келісімдер шеңберінде қуаты шамамен 3,8 ГВт жаңартылатын энергия көздері мен 1,1 ГВт энергияны жинақтайтын жүйелерді құруға бағытталған ауқымды жобалар пысықталуда. 2035 жылға дейін жоспарланған жаңартылатын энергия көздерінің электр энергияны тұрақсыз беруін ескере отырып, энергетикалық жүйенің сенімділігін арттыру үшін, оларды маневрлік бу-газ қондырғылары арқылы теңдестіру жоспарлануда.

Сонымен бірге энергетика министрі Ерлан Ақкенженов еліміздің отын-энергетика кешенін (ОЭК) цифрландыру барысы туралы баяндады. Ол қазіргі уақытта «Отын-энергетика кешенін бірыңғай мемлекеттік басқару жүйесі» (EnergyTech) атты салалық платформасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүруде екенін атап өтті. EnergyTech платформасы отын-энергетика кешенінің барлық саласын бір платформа базасына біріктіреді. Ол энергетика секторы, кен пайдалану және қайта өңдеуден бастап көмір өнеркәсібіне дейінгі ОЭК-тің 10 негізгі бағыты бойынша басқару процестерін кешенді үйлестіруді қамтамасыз етеді. Жүйені толық көлемде жасап шығарып, өнеркәсіптік деңгейде қолданысқа енгізу 2026–2027 жылдарға жоспарлануда.

«Биыл барлығы 7 цифрлық сервис пайдалануға берілді, оның ішінде

2 сервис энергетика секторында іске асырылды. Олар – күзгі-қысқы кезеңге дайындық пен оның өту барысын мониторингтеуге арналған цифрлық сервис және шекті тарифті бекітуге арналған цифрлық сервис. 2025 жылы күзгі-қысқы кезеңге дайындық пен оны өткізу барысына мониторинг жүргізу жөніндегі салалық цифрлық сервис бүгінде тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Аталған сервис активтердің толық есебін және бақылауын, нысандардың онлайн-мониторингін жүзеге асырады, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын біртұтас цифрлық ортада жоспарлауды қамтамасыз етеді. Осы уақытқа дейін деректерді бірыңғайландыру, элементтер мен активтер иерархиясын типтендіру және жабдықтарды нормативтер мен жөндеу циклдерімен байланыстыру мақсатында жүйеде барлық нысандардың, тораптар мен жабдықтардың цифрлық тізілімдері құрылды. Енді бүгінде сервис нақты уақыт режимінде генерация нысандарының жұмыс режимдері туралы деректерді қабылдайды. Келесі кезең – қағаз түріндегі ақаулық журналдардан цифрлық тізілімдерге толық көшу. Верификацияланған деректерді жүктеу, жөндеу мерзімдерінің сақталуын тұрақты бақылау және сервисің функционалын жетілдіру – салалық бақылау сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Мониторинг жүргізу жөніндегі салалық цифрлық сервистен күтілетін әсер: күзгі-қысқы кезеңге дайындық мониторингінің жалпы мерзімін 90 күнге дейін қысқарту, және кезеңдегі апаттылық тәуекелін 25%-ға дейін төмендету.

Сол сияқты биыл станциялар бойынша шекті тарифтерді бекітуге өтінімдерді беру және қарау жөніндегі цифрлық сервис те тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Сервис қағаз түріндегі құжат айналымын толық жояды, министрлік қызметінде рәсімдердің ашықтығын және басқарылуын арттырады, сондай-ақ орындалу мерзімдері мен операциялық шығындарды қысқартады. Қазіргі кезеңде сервис 63 субъектіні, 83 генерация нысанын қамтиды, барлығы 1 664 құжат өңделді. Қағаз тасымалдауыштар мен қолмен есептеулерден толық цифрлық процеске көшу нақты нәтижелер берді.

(Жалғасы 2-бетте).

Энергетика министрлігі 2029 жылға дейін 6,7 ГВт жаңа қуат көзін іске қосатын 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, мақұлдау регламенттеріндегі бизнес-процестер саны 2 есеге қысқарды, өтініш берушілерге түсетін әкімшілік жүктеме 56%-ға азайды», — деп нақтылады Ерлан Аққенженов.

Министрдің айтуынша, электр энергиясын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша төмен және орта кернеулі желілерде қамту деңгейі әлі де жеткіліксіз. «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жоба аясында электр энергиясын интеллектуалды есепке алу жүйелерімен қамту үлесін арттыру жоспарлануда. Осыған байланысты үш жыл ішінде 27 электрмен жабдықтау субъектінде 4 миллион «ақылды» есепке алу аспаптарын орнату көзделген. Күтілетін экономикалық тиімділік: электр энергиясының нормативтік шығындарын қысқарту есебінен 57 млрд теңге құрамақ.

Ал жылу энергиясын есепке алу бойынша да осындай жұмыстар жүруде. Ұлттық жоба аясында жылу энергиясын автоматтандырылған есепке алуды ел бойынша кеңінен тарату жоспарлануда. Бұл тұста жылумен жабдықтау нысандары мен ірі тұтынушылар есепке алу құралдарымен қазірдің өзінде жабдықталған, алайда негізгі олқылық магистральдық және тарату жылу желілерінде болып отыр. Мұндағы жалпы қажеттілікті қамту үшін 52 субъект бойынша шамамен 30 мың «ақылды» жылу энергиясын есепке алу аспабын орнату қажет. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, кешенді есепке алу нәтижесінде жылу энергиясын тұтынуды 15%-ға дейін үнемдеуге болады.

«Ұлттық жоба аясында аспаптандыру кезінде жергілікті есепке алу құралдарын өндірушілерге басымдық беріледі.

Интеграцияның бірыңғай архитектура-сы барлық есепке алу аспаптарынан деректерді EnergyTech платформасының аналитикалық базасына жинауды қамтамасыз етеді. «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жоба мен «Электр энергетикасы туралы» заңның аясында ОЭК саласында Салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығын және Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын құру көзделген. Салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығы автоматтандырылған басқару жүйелерін қорғауға басымдық бере отырып, салалық талаптарды әзірлеуді, ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарының жұмысын үйлестіреді. Сондай-ақ, кибероқиғалардың индикаторларымен алмасып, отын-энергетика кешенінде киберқауіпсіздік саласындағы кадрлық әлеуетті дамытуы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторы ОЭК субъектілерінің технологиялық деректерін Энергетика министрлігінің Ахуалдық-талдамалық орталығына үздіксіз және қорғалған түрде беру үшін қауіпсіз байланыс арналарының жұмысын қамтамасыз етеді», — дейді министр.

Оның айтуынша, Энергетика министрлігінің Ахуалдық-талдамалық орталығы (АТО) 2024 жылдың IV тоқсанында іске қосылған. АТО — EnergyTech платформасының эталондық анықтамалықтары мен біріктірілген онлайн деректер ағындары негізінде ОЭК салаларына мониторинг жасаудың негізгі құралы. Орталық энергия өндіру, тарату және тұтыну нысандарынан келіп түсетін деректерді қорғалған онлайн режимінде жинауды, тексеруді, сәйкестендіруді және талдауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Қазақстанда отын-энергетика кешенінде ЖИ техноло-

гияларын қолдану мәселесі белсенді түрде талқыланды. Бұл туралы Үкімет отырысында энергетика министрі Ерлан Аққенженов хабарлады.

«Осы мақсатта ОЭК саласына ЖИ енгізу жөніндегі акселерациялық топ құрылған, оның құрамына саланың жетекші компанияларының өкілдері кірді. Топтың негізгі міндеті — салалық қажеттіліктерді айқындау және ЖИ технологияларын енгізу бойынша пилоттық жобаларды жүзеге асыру бағытында күш-жігерді біріктіру. Сонымен бірге биыл ЖИ шешімдері бар ғаламдық вендорлар мен IT-компаниялардан тұратын AI-альянс құрылды. Отандық IT әзірлеушілерді қолдау мақсатында министрлік пен Astana Hub резиденттері арасында салаға ЖИ шешімдерін енгізу және сол бағытта бірлесіп сынақтар өткізу жөнінде меморандумдарға қол қойылды», — деп атап өтті Ерлан Аққенженов.

Министрдің айтуынша, биыл екі ЖИ шешімі пилоттық сынақтан сәтті өткен. Оның біріншісі — дрондар мен ЖИ технологияларын пайдалана отырып, әуе электр тарату желілерін дефектоскопиялау, яғни ақауын тексеру. Күтілетін экономикалық тиімділік шығындарды қысқарту есебінен 2,5 млрд теңге болмақ. Екіншісі — роботтандырылған кешен мен ЖИ негізінде жылу желілерінің құбырларына дефектоскопия жасап, ықтимал апаттарды алдын ала болжау. Жөндеу жұмыстарын тиімді жоспарлау нәтижесінде экономикалық әсер 42 млрд теңге деп бағаланып отыр. Екі кейс те қазіргі уақытта нормативтік құжаттамаларын бекіту және кең ауқымда тарату кезеңінде тұр. Министрлік алдағы уақытта да салада ЖИ технологияларын жүйелі түрде енгізу жұмысын жалғастыра бермек.



Жетісу облысында Республика күніне орай бір күнде тақырыптық үш мурал бір уақытта ашылды. Жоба Президенттің «Әділетті Қазақстан» идеологиялық бағдарламасы аясында өңір жастарының бастамасымен жүзеге асырылып, азаматтық жауапкершілікті, экологиялық мәдениетті және қоғамдағы әділдік қағидаттарын нығайтуға бағытталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Заң мен Тәртіп» қағидаларының негізгі принциптерін насихаттау мақсатында салынған бұл муралдар Сарқан ауданының Сарқан қаласындағы, Қаратал ауданының Үштөбе қаласындағы және Көксу ауданының Балпық би ауылындағы көп қабатты үйлер қабырғасының көркін кіргізіп тұр.

- Біз үшін мурал — тек қабырғадағы сурет қана емес, өмірде қандай ұстанымдарды таңдайтынымызды еске салатын маңызды жазба, - деді «Жетісу жастары» КММ директор Шәміл Ванкеев.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Шекаралық аудандарды электрмен сенімді жабдықтау мақсатында ауқымды жобалар іске асырыла бастады



Жетісу облысында шекаралық аймақтар — Алакөл және Панфилов аудандарын электрмен сенімді жабдықтау мақсатында жоғары вольтты әуе желілері мен қосалқы станцияларды салу бойынша ауқымды жобаларды іске асыру басталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бірінші кезеңде биыл «Ақши» қосалқы станциясы мен ұзындығы 56,8 шақырым 110 кВ электр желісі салынды. Соның нәтижесінде жазғы шомылу маусымында энергиямен жабдықтауда үзіліс болған жоқ. Ал екінші кезеңде жаңа «Көктұма» қосалқы станциясын және «Ақтоғай» қосалқы станциясына дейінгі 220 кВ 204 шақырым электр желісін салу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Жаркент-Қорғас агломерациясын дамыту үшін «Талдықорған-500» қосалқы станциясынан «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-ға дейін ұзындығы 250 шақырым 220 кВ электр желісін салу жоспарда бар.

Биылғы жылы жалпы қуаты 34,6 МВт болатын екі су электр станциясының құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ осы жылы жеке инвестициялар есебінен Текелі, Талдықорған қалаларында жалпы қуаты 73 МВт болатын екі газ турбиналық станцияның бірінші және екінші кезеңдерін іске қосу басталды. Осылайша 2025 жылдың соңына қарай өңірдегі электр энергиясының қуаты шамамен 300 МВт-қа жетеді. Сонымен қатар 2028 жылға дейін қуаты 133,7 МВт, құны 114 млрд. теңге болатын тағы 8 су электр станциясының құрылысы жоспарланған.

Электр желілерінің тозуын төмендету бағытында да бірқатар шаралар қабылдауда. Бұл ретте «Облыста 13,8 мың шақырым электр тарату желілері мен 2,6 мың қосалқы станциялар бар. Электр желілері мен жабдықтардың 90%-дан астамы «ТАТЭК» АҚ-ы өңірлік электр желілік компаниясының жеке меншігінде. 2023-2024 жылдары «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде 140 шақырым электр желісі мен 7 қосалқы станция жаңартылды. 2025 жылы бекітілген инвестициялық жоспар аясында 146,8 шақырым электр желісі жаңартылады. Оған қоса Энергетикалық секторды жаңғыртудың ұлттық жобасы аясында «ТАТЭК» АҚ-ы 2026–2029 жылдар аралығында 1155 шақырым желі мен 6 қосалқы станцияны жаңартуды жоспарлап отыр, бұл өңірдегі желілік жабдықтардың тозуын 49,9%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді», - делінген басқарманың хабарламасында.

Электр энергетикасы саласын цифрландыру да назардан тыс қалған жоқ. Бүгінгі таңда Талдықорған қаласында абоненттерді электр энергиясын автоматтандырылған есепке алу жүйесімен қамтамасыз ету деңгейі 49%. Алдағы жылы 34 мыңнан астам интеллектуалды есептеу құрылғысын орнату жоспарланған, бұл облыс орталығын толық жабдықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта «ТАТЭК» АҚ 4,3 млрд. теңге көлемінде инвестиция салуды жоспарлап отыр. Аталған шара электр энергиясын тұтынуды есепке алудың дәлдігі мен ашықтығын арттыруға, шығындарды азайтуға және абоненттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Сарыөзек-Көктал» автожолының жөндеу жұмыстары аяқталды

Жетісу облысында жалпы ұзындығы 178 шақырым болатын «Сарыөзек-Көктал» автожолының жөндеу жұмыстары аяқталды. Құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталып, бірнеше кезеңмен атқарылған болатын. Енді республикалық жол барлық талаптарға сай жасалды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан тұрғындары жөнделген жолдың сапасына ризашылығын білдіруде. Сонымен қатар ауылдық елді мекендердің қиылыстарында жарықтандыру шамдары орнатылып, жол белгілері мен бағыттаушы көрсеткіштер жаңартылды. Көліктердің шамадан тыс жүк тасымалдауының алдын алу мақсатында «Сарыөзек-Көктал» автожолының 50-ші шақырымына автоматтандырылған салмақ өлшеу жүйесі орнатылды. Осындай жүйе жолдың 7-шақырымына, яғни «Алацем» цемент зауытының жанындағы учаскеге де орнатылуда.

- Жалпы алғанда қойылған барлық талаптар нормативтерге сәйкестендірілді. Сарыөзек елді мекені мен Алтынемел асуының арасында ауыр жүк көліктерінің қозғалысына арналған бөлек технологиялық жол салынды. 65-шақырымда карьерлер орналасқан және осы технологиялық жол арқылы техникалардың қозғалысы жүзеге асырылады, - деді «Қазавтожол» АҚ Жетісу облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Жасұлан Қалтаев.

«Сарыөзек – Көктал» тас жолы Қойбын шатқалындағы Көмбе өзені арқылы өтеді. Мұнда көлік қозғалысы үшін жаңа көпір қолданысқа берілді. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың наурызында басталған. Сарыөзек, Қоңырөлең, Ақжазық ауылдарының жол жиегіне электр жарығы тартылып, жаяу жүргіншілер өткелі мен жол белгілері жаңартылған.

Атқарылған жұмыстарға аудан тұрғындары пікір білдірді.

- Бұрын жолдың ой-шұңқырынан көлікпен жүру өте қиын еді. Автокөлігіміз жиі бұзылып, қайта-қайта жөндеуге тура келетін. Оған қоса жол қауіпсіздігіне де алаңдайтынбыз. Қазір жол сапасы түзу, сапалы жасалды, - деді Алмас Мырзаев.

Қоңырөлең ауылының тұрғыны Бақыт Таштахметова да жолдың жөнделгеніне риза:

- Қазір жол жиегіне жаяу жүргіншілер жолы салынды, Көктал ауылының бұрылысына дейін жарықтандырылды. Кешкілік маңай жарық, еркін жүріп-тұруға болады. Оған қоса ауылға келетін жедел жәрдем жұмысына да қолайлы болды. Ауылға кешкі уақытта Көктал ауылынан шақырылатын жедел жәрдем көлігі бұрын шамамен бір сағаттан артық уақытта жететін, қазір жол жөнделгеннен бері небары 30-35 минутта келеді, - дейді ол.

Атап өтсек, соңғы үш жылда Жетісудың Кербұлақ және Панфилов аудандарының аумағындағы республикалық маңызы бар жалпы ұзындығы 241 шақырым жол жөнделді. Атқарылған жұмыстар жол жабынын белгіленген нормативтік талаптарға сай жақсы техникалық күйге келтіруге мүмкіндік берді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

●Жолдау - өрлеу өзегі

АУДАН ЖАСТАРЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКТЦИЯҒА АЙРЫҚША АТСАЛЫСТЫ

Елімізде экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаны қорғау мақсатында ұйымдастырылған "Таза Қазақстан" акциясына Сарқан ауданының жұртшылығы әсіресе жастар белсенді түрде қатысты.

Акция барысында жастар елді мекендердің көшелерін, саябақтар мен парктер, су айдындарының жағалауларын қоқыстан тазартып, көгалдандыру және ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізді. Шараға ерікті жастармен қатар, оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары да атсалысты.

"Былтырдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр, бұл баршаңызға аян. Осы жұмысқа миллиондаған азаматымыз атсалысуда. Жұрт болып жұмылудың арқасында 860 мың гектардан астам аумақ тазаланды, төрт миллионнан астам ағаш отырғызылды. Осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек, аңсаған арманымызға жетіп, Қазақстан нағыз жасыл ел болмақ. Ал бұл келешек ұрпаққа керемет үлгі-өнеге және өсиет болып қалары анық. Осы жұмысқа атсалысып жүрген азаматтарға, әсіресе, жастарға ризашылығымды білдіремін.

Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру – өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет".

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан.

Жаз айларында яғни 3 ай бойы 80 жас тазалық жұмыстарына тартылды. Олар 34 гектар аумақты күл-қоқыстан арылтып, өздерінің нағыз патриот екендіктерін сөзбен емес нақты іспен дәлелдеді. Аталмыш іс-шара барысында 31 тонна қоқыс шығарылып, жалпы ұзындығы 13 шақырым арық желілері тазартылды.

Жастардың бұл жүйелі жұмысы табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі болды. Олар өз іс-әрекеттері арқылы қоғамды қоршаған ортаға қамқор болуға, тазалықты сақтауға шақырды.

"Таза Қазақстан" акциясы – тек бір күндік шара емес, экологиялық сана мен мәдениетті арттыруға бағытталған маңызды қадам. Аудан жастарының белсенділігі бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижелі әрі жалғасын табатынын көрсетеді.

Өз тілшіміз.

Қоғамдағы заң мен тәртіп – бұл адамдар арасындағы өзара қатынастарды реттейтін және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі қағидалар.

Заң – бұл мемлекеттің шығарған ресми ережелері мен нормаларының жиынтығы, ал тәртіп – сол заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін жағдайларды білдіреді. Заң мен тәртіптің дұрыс үйлесімі қоғамның дамуына, адамдардың қауіпсіздігі мен бостандығына негіз болады.

Заң – мемлекеттің азаматтарының құқығы мен міндеттерін белгілейтін, сондай-ақ олардың әрекеттерін реттейтін негізгі құрал. Ол барлық азаматтар үшін бірдей, ешкімге артықшылық берілмей орындалуы тиіс. Заң шығарушы органдар қоғамдағы барлық саланы реттейтін нормативтік актілерді қабылдайды. Заңдар қоғамның әртүрлі салаларында әділеттілік пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін қабылданады.

Заңның басты мақсаты – қоғамдық

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ДАМУДЫҢ ЖӘНЕ ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ КЕПІЛІ

қатынастарды реттеу, адамның құқықтарын қорғау және әділеттілікті орнату. Алайда, заң тек қағазда ғана жұмыс істемейді, оның тиімділігі тек адамдар оны ұстанған жағдайда ғана көрінеді.

Тәртіп – бұл заңның орындалуын қамтамасыз ететін жүйе. Қоғамдық тәртіптің сақталуы адамдардың жауапкершілігін арттырады, оларды құқық бұзушылықтан сақтандырады. Тәртіпті сақтау үшін мемлекеттің құқық қорғау органдары жұмыс істейді. Олар заңның орындалуын қадағалайды, құқық бұзушыларды анықтап, оларға заң алдында жауапкершілік жүктейді.

Сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті сақтау тек құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес. Әрбір азаматтың қоғамдағы тәртіпті сақтауына

жауапкершілікпен қарауы керек. Заңды құрметтеу, басқалардың құқықтарын бұзбау, өз әрекеттері үшін жауапкершілік алу – тәртіптің негізі.

Заң мен тәртіп бір-бірімен тығыз байланысты. Заңдар тәртіп орнатуға бағытталған, ал тәртіп оның орындалуына кепіл береді. Заңдардың орындалуын қамтамасыз ету үшін тәртіптің болуы өте маңызды.

Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы үшін әр адам өзінің құқықтары мен міндеттерін білумен қатар, заңды және тәртіпті ұстану арқылы елімізді жақсартуға өз үлесін қосуы керек.

М.АЛДАБЕРГЕН,
Сарқан аудандық полиция
бөлімінің Штаб аға инспекторы, полиция аға лейтенанты.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКТЦИЯ АЯСЫНДА



Сарқан ауданы, Сарқан қаласында еліміздің ең басты мерекесі - 25-қазан Республика күніне орай облыстық "Jetisu jastary"-ның бастамасымен "Таза Қазақстан" Экологиялық акциясы аясында мурал салынды.

Саялы өңірімізде қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында салынған көркем туындының басты идеясы — табиғатты аялау, тазалықты сақтау және қоғамда экологиялық жауапкершілікті арттыру.

Муралда жасыл табиғат көрінісі, таза ауа мен жасыл орман, сондай-ақ адам мен табиғаттың үйлесімі шебер бейнеленген. Бұл жұмыс қала тұрғындарына қоршаған ортаны қорғаудың маңызын еске салып, экологиялық сана қалыптастыруға бағытталған.

Аталмыш акция ауданымызда кең қолдау тауып, сарқандық тұрғындар мен жастар ұйымдары тазалық жұмыстарына белсене атсалысып, өз үлестерін қосты. Мұндай игі істер экологиялық мәдениетті нығайтуға және жас ұрпақты табиғатты аялауға тәрбиелеуге ықпал етеді.

Табиғатты қорғау мен тазалықты сақтаудың маңызы қашанда ерекше. Әрқайсымыз табиғатты аялауға өз үлесімізді қосайық!



Өз тілшіміз.

●101 ескертеді

Үйдегі қауіпсіздік

Беріміз білеміз, қосылған күйде ұмытылып қалған үтік, баланың қолына түскен шырпы, байқаусыз лақтырған темекі тұқылы қандай жағдайға әкелетіні белгілі. Сонда да осы себептерден өрттердің пайда болуы қайталана береді.

Өрттің салдарынан қайғылы оқиғаның болуы әбден мүмкін. Кез-келген үйде түрлі тұрмыстық қондырғылар, жабдықтар, жанғыш сұйықтар мен жылыту көздері бар. Электро қондырғылар мен сымдардың жарамдылығына назар аудару қажет. Сынған және жарамсыз розеткаларды, ажыратқыштарды, патрондарды дер кезінде ауыстырыңыз.Үй–жайларды жылыту үшін қолдан жасалған электр жылтқыш қондырғыларды пайдаланбаңыз.

Зауыттажасалғансақандырғыштыңорнынақолданжасалғансақандырғыштарды «жучок» сияқты калибрленбеген балқитын қосқыштарды пайдалану өте қауіпті – орнатқан жағдайда өрттің болуы әбден мүмкін.

Электр желілерінің өртенуі көбінесе электр желілердің жүгі шамадан тыс болғаннан, үлкен ауыспалы кедергілерден, қысқа тұйықталудан, ұшқындардан болады.

Бір уақытта электр желісіне қуаты күшті бірнеше электр құралдарын қосу оның жүгінің шамадан тыс болуына әкелетінін есіңізде сақтаңыз. Қосылған үтіктер, электр шәйнектер және тағы басқа тұрмыстық электр жылыту құралдарын жанбайтын орындарға орнату қажет. Электр құралдарды қосуды күйде балаларға тапсырып тастап кетуге болмайды. Үйден шығарда желіге қосылған электр құралдарын суыруды ұмытпаңыз. Электр сымдарының оқшауланған болуы шарт. Егерде Сіздің пәтеріңізде электр сымдары, электр розеткалары, патрондар бұзылып істен шыққан болса өрт шығуының алдын алу, жөнге келтіру үшін электр шеберін шақыртып, ақауларды жөнге келтіріңіз. Қисайған, жапырылып немесе күрмеленіп жатқан электр сымдарының оқшаулануына зақым келтіреді, сондықтан өйтіп жасауға үзілді – кесілді тыйым салынады. Қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз. Төтенше жағдайлар кезінде 101 немесе 112 хабарласыңыз.

М. САРКУЛОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ инженері, а/қ аға лейтенанты.

Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы – бұл дұрыс таңдау

Біздің күнделікті күйбең тірліктің таразысын туралап отыратын жүрегі жылуға толы адамдар саны аз емес. Олар күнделікті қызметте ерлік жасап жүрседе қарапайымдылығымен ерекше. Тек сондай қарапайым адамдарды қаһарман ететін өжетке толы өзегі мен қайратқа толы қызметі. Олардың бірі-өрт сөндіруші-құтқарушылар.

Ал осы өрт сөндірушілерді даярлайтын еліміздегі жалғыз жоғарғы оқу орны ол — Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы.

Бүгінде Көкшетау қаласында орналасқан Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясына талапкерлерді қабылдау жүргізілуде. Академияға орта білімі бар, 16 жасқа толған, әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін ҰБТ шекті баллы — 50. Курсанттар республикалық бюджет есебінен оқытылады. Барлық оқу кезеңінде киім-кешекпен, тегін тамақтану және мемлекеттік шәкірт ақымен қамтамасыз етіледі.

Академияны бітірген тұлғалардың білім алу уақыты әскери қызметті өтеу уақытына теңеледі және лейтенант атағы беріледі, тұрғылықты жері бойынша ТЖМ бөлімшелеріне кепілді түрде жұмысқа орналастырылады.

М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясына түсуге ынта білдірген тұлғалар, тұрғылықты мекенжайы бойынша аумақтық Төтенше жағдайлар департаменттерінің кадр саясаты басқармасына және аудандық бөлімдеріне, жергілікті Өрт сөндіру бөлімдеріне өтініш береді. Сонымен қатар барлық мәліметті <http://agz.edu.kz> сайтынан біле аласыз.

Барша жастарды қайсар мамандық иесі атану үшін Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясына оқуға шақырамыз.

Т. ТӨЛЕГЕН,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, а/қ лейтенанты.



«Менің сені сүйім - өзіме таңдауым, тау-
анды махаббат»

(Ілияс Жансүгіров)

Аңыз әйел ФАТИМА

Ілияс Жансүгіровтің жары Фатима Ғабитоваға деген ықыласы ерекше еді. Фатима Ғабитова 1903 жылы 14 қазанда бұрынғы Талдықорған облысы Қапал қаласында білімді, тәрбиелі отбасында туған, соның арқасында жасынан орыс қыздар мектебінде, татар медресесінде екі тарау білім алып, ол кездегі Жетісуға ауып келген неміс интеллигенттерінен немісше, французша оқып, батыс әдебиетінен де хабардар болған. Орынбордағы «Хусаиния» медресесін тәмамдап, 1918-1920 жылдарда Қапалда мұғалімдік қызмет атқарған. 1920-1922 жылдарда Жетісуда ашылған сауатсыздықты жою мектептерінде ұстаздық қызметте болған. 30 жыл мұғалім болды.

1932 жылы Ілияс пен Фатима отбасын құрады. Фатима Ілиясты тек жар ретінде ғана емес, сенімді дос-жолдас, абзал аға, рухани серік ретінде қабылдады.

Ілиястың Фатимаға деген ықыласы ерекше еді. Фатимамен отасқан кезі оның ең бақытты және шабытты шағы болды. Осы тұста оның қаламынан түрлі жанрда, көркемдігі келіскен сан алуан шығармалар жарық көріп, елге кеңінен танылады. Оның шығармашылық тұрғыдан шарықтап өсуінің, білімінің тереңдеп, ақыл - ойының өмір тәжірибесімен байып кемелденуінің, қызмет бабында тасы өрге домалап, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып, көрші елдердің маңдай алды жазушыларымен қоян-қолтық араласқан шабытты шағы еді.

«Өз заманының ажары, зиялы қауымның құрметіне, сүйіспеншілігіне бөленген, алғыр ойлы, ақылды әйел - ананың таланты да, талғамы да биік Фатима Ғабитованың Ілияс Жансүгіровтей жанның жүрегінен ерекше орын алуы таңғаларлық нәрсе емес», - дейді Егеубек Далбағаев.



Фатима Ғабитова Ілиястың 1957 жылы ақталуын және еңбектерінің жарық көргенінің куәсі болып, 1968 жылдың 6 қаңтарында асқазан ауруымен науқастанып, көз жұмды. Ол кісінің сүйегі Алматыдағы Кеңсай зиратында. Зиратты өз қолымен баласы Болат Ғабитов тұрғызған.

Фатиманың өмір жолы - таусылмас тағдыр күресінің айғағы. Ол өз балаларын бөліп жармай тең сүйіп, барлығына аналық махаббатпен қарады. Өзінің естелігінде ол:

«Менің саналы өмірімнің барлығы қазақ жастарын оқытуға арналғандай жайы бар. Мен - оқытушы, әдебиетші болумен бірге, жеті баланың анасымын. Балаларым - қазақ халқының аяулы, ардагер үш ұлының ұрпақтары. Жәнібек, Азат дейтін ұлдарымның, Фаридда дейтін қызымның әкесі - Жетісуда тұңғыш қазақ мектептерін

ашқан, өз дәуірінің белді, беделді халық ағартушысы Біләл Сүлеев. Үміт, Ильфа дейтін екі қызымның және Болат дейтін ұлымның әкесі - осы күнге дейін қазақ поэзиясында алдына жан салмаған ақын Ілияс Жансүгіров. Кенже ұлым Мұраттың әкесі - Мұхтар Әуезов», - деп өз өмірі жайлы сыр шертеді. (Ғабитова Ф. Өртенде өнген гүл. Алматы: Атамұра, 1998ж.)

Осындай үш арыстың балаларын өсіріп-тәрбиелеу айтуға ғана оңай. Бұл жол - ғұмырлық күрес жолы еді. Шынымен, әкелері бөлек болса да, бір ана махаббатына бөленіп өскен балаларын Фатима Ғабитова әрқашан татулыққа, ынтымаққа, бірлікке шақырған. Соның дәлелі ретінде сіздерге Фатима Ғабитованың балаларына жазып қалдырған өсиетін таныстырып өтсем:

Менің ғазиз балаларым!

Сендерге алдымен тапсырамын:

1. Өзді-өзің тату болыңдар.
2. Араларыңдағы мұқтаждарына ұдайы жәрдемдесіп тұрыңдар.
3. Жалқаулықтан қашыңдар.
4. Бүгін бітетін шаруаны ертеңге қалдырмаңдар.
5. Адамды төмен қылатын өтірік-өсек, мақтан, жалтақтық сендерде болмасын.
6. Уәдеге берік болыңдар; уәде берерде ойлаңдар. Орындай алатын болсаңдар ғана уәде беріңдер!

Сендерге аналық өсиетім - осы!

Фатима

20.10.1965

Фатима Ғабитованың ұрпақтарына қалдырған аналық аманаты - барлық жанға өмірлік бағдар боларлық құнды өсиет.

Осы өсиетінен бөлек, Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров әдеби музейінде Фатима Ғабитованың «Алып-

тар тағдыры», «Өртенде өнген гүл» сынды кітаптары мен Ильфа Илиясқызы сыйға берген Фатима Ғабитованың тұтынған бұйымдары: 1946 жылы «Ерен еңбегі үшін» берілген медаль, өзі қолданған қолғабы, орамалы, кестелі дастарханы, жасауына берілген Германияда жасалған фарфор ыдыс-аяқтар, т.б заттары сақтаулы тұр. Бұдан бөлек келесі бір құнды жәдігерді музей қорына 2024 жылы Болат Жансүгіровтің жұбайы Қаңтарбаева Қарлығаш Мехметқызы музей меңгерушісі Нұргүл Қызырбекқызына Алматы қаласына барған іс-сапарында арнайы табыстады. Бұл хатта ол ұлы Болат пен болашақ келіні Қарлығаштың отау құруына келісімін білдіріп, олардың шаңырағының берекелі боларына сенім артқан. Хат 1966 жылдың 21 - мамыр айында Алматы қаласында Фатима Ғабитованың өз қолымен жазылған екен. Хаттың мәтіні төмендегідей:

Құрметті Гүлбану ханым, сізге бұл хатты жазып отырған Ғабитова Фатима - Ілияс Жансүгіровтің әйелі. Кеше (20-мамыр) менің алдыма ұлым Болатпен бірге сіздің қызыңыз Қарлығаш келіп өздерінің қосылуларына менен рұхсат сұраумен бірге, сізге өздерінің осы жайларын жазуымды өтінді. Өздерінің сіздің алдыңызға барып рұқсат сұрауларына жердің шалғайлығын және өздерінің бір күнде бос еместіктерін айтты.

Мен қосылуларына рызашылық білдірдім. Сіздің де екі жастың ізгі ниетпен қосылуларына рыза болуыңызға сенемін.

Фатима Ғабитова.

21.05.1966 ж.

Алматы.

Қорытындылай келе, Фатима Ғабитова - қазақ халқының тарихында ерекше із қалдырған, парасат-пайымы биік, рухы асқақ тұлға. Ол - білімді ұстаз, данагөй ана, ел сүйген абзал азаматтардың серігі болған аяулы жар. Қазақ зиялыларының өздері Фатиманы аса жоғары бағалап, оның сұлулығы мен зеректігін жырға қосқан. Ахмет Байтұрсынов: «Тағдыр қалап егерде, жүз көз берсе құдірет, жүзі де сізге қарар еді...» десе, Міржақып Дулатов: «Өз өмірімде көрген сүйкімді сұлу!» - деп тамсанған.

Алайда өмір Фатиманы еркелетпеді - қос бірдей жарының атылып кетуі, қызының қазасы, бес баламен жалғыз қалуы - мұның бәрі нағыз рухани төзімділік пен батылдықты талап ететін жол еді. Ол - өз тағдырымен де, еңбегімен де, ұрпақ тәрбиесімен де қазақ әйелінің шынайы бейнесін айқындап берген, тарихта аты қалған тұлға.

А.ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,

І.Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері.

Сарғайған хаттар


Ұлы Отан соғысы — адамзат тарихындағы ең қасіретті, сонымен қатар ел рухын шыңдаған ұлы сын кезеңі. Миллиондаған адам Отан үшін от кешіп, майдан мен тылда ерлік көрсетті.

1941 жылғы 22-ші маусымның суық хабары Балқаш баурайының халқын дүр сілкіндірген еді. Бейбіт елге шеңгелін салған лаңкесті жауға деген қарғыс аз айтылған жоқ. Кеуделерін көк кернеген Балқаш өңірінің азаматтары да алғашқы күндерден бастап теміржол бойымен Отан аналарын қорғауға лек-легімен аттанып жатты. Сол сәттен бастап әр үйде сағыныш пен үміт қатар өмір сүрді. Жауынгер мен туған ел арасындағы алтын көпір — фронттық хаттар болды. Қағаз бетіне түскен әрбір жол — сарбаздың жүрек сыры, Отанға деген сүйіспеншілігі мен бейбіт күнге деген сенімі еді.

1941 жылғы 1 шілдеде әскери далалық пошта құрылды. Ол КСРО-ның халықтық байланыс комиссариатының қарамағында болды және майдандық әскери-пошта сұрыптау пункттерінен, армия әскери-далалық базаларынан, жекелеген бөлімдердің штабтары

жанындағы далалық пошта станцияларынан тұрды. Ұлы Отан соғысы жылдарында пошта қызметімен ай сайын 70 миллионға жуық хат жеткізілген. Траншеяларда, блиндаждарда, госпитальдарда қарындашпен жазылған сол хаттарды оқи отырып, әр сарбаздың көңіл-күйін, ата-ана мен туған-туысқа деген ыстық сағынышын, елге деген махаббатын сезуге болады. Хаттар арқылы сарбаздар аналарынан, жарларынан, бауырларынан жылу алып, рухтанып, ал тылдағы ел сол хаттардан жауынгердің амандығын біліп, үмітін үзбеді. Сарғайған қағаздар — соғыстың үнсіз куәгері, заман шежіресі, ел тарихының мәңгілік жәдігері болып қалды.

Осы рухани мұраға тағзым ету мақсатында 17 қазан күні Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінде «Сарғайған хаттар» атты танымдық іс-шара өтті. Іс-шара Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналды. Кеш барысында соғыс жылдарынан сақталған сарғайған хаттар оқылып, сол бір ауыр кезеңнің азабы мен үміті, ерлік пен сағынышы жанды бейнеленді. Бұл хаттар — майдан даласынан жеткен жүрек үндері, бейбіт өмірге



деген сенім мен арманның айғағы болды. Көрермендер назарына Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, сондай-ақ фашистік басқыншыларға қарсы ерлікпен шайқасқан жерлестеріміз Алдашев пен Спанбетовтың сарғайған хаттары ұсынылды. Әрбір хатта туған жерге деген сағыныш, жеңіске деген сенім мен рух биіктігі сезілді. Алдашев пен Спанбетов сынды жерлестеріміз де Отан үшін от

кешіп, фашистік басқыншыларға қарсы ерлікпен күрес жүргізген батыр азаматтар болатын.

Кеш соңында композитор Мұқан Төлебаевтың «Кестелі орамал» әні шырқалды. Соғыс жылдары жазылған бұл шығарма жауынгерлердің рухын көтеріп, елге деген сүйіспеншілікті арттырған патриоттық туынды ретінде ерекше әсер қалдырды.

«Сарғайған хаттар» кеші — өткенге тағзым ғана емес, жас ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін ұқтыратын тағылымды сабақ болды. Қатысушылар майдандағы әр сарбаздың жүрек үніне құлақ түріп, ел мен жерге деген сүйіспеншіліктің мәңгілік екенін сезінді. Соғыс жылдарындағы хаттар — бүгінгі бейбіт күннің негізі, ерліктің шежіресі. Олар бізге «ел бірлігі мен рух биіктігі болса — жеңіс те, тыныштық та баянды» деген ұлы ойды ұқтырады. Сол себепті де мұндай шаралар — тарихқа тағзым, ұрпақтар арасындағы алтын көпір іспетті.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды! Бұл — ұрпақтар жадында мәңгі сақталатын тарих. Жеңісті жақындатқан ерлер мен әйелдердің ерлігі — өшпес өнеге, мәңгілік тағзымға лайық!

Д.ТУНГАТОВА,

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖОЛ АШҚАН КҮН

Тәуелсіздігімізге жол ашқан Республика күні – Қазақстан үшін өте маңызды мемлекеттік мереке, себебі ол еліміздің тәуелсіздікке бастар алғашқы тарихи қадамын білдіреді.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат еліміздің өз тағдырын өзі шешуге, дербес саясат жүргізуге құқық берген алғашқы ресми акт болды.

Республика күні – 1991 жылы қабылданған Тәуелсіздік туралы заңның алғышарты. Яғни, бұл күн Қазақстанның толық тәуелсіз ел болуына жол салды. Егемендік декларациясы арқылы Қазақстан өз Конституциясын, мемлекеттік рәміздерін, азаматтық және экономикалық жүйесін қалыптастыруға кірісті.

Жаңғыру мен дамудың нышаны іспеттес осынау күн ауданымызда айрықша атап өтілді. Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінің фойесінде атаулы күн аясында арнайы көрме ұйымдастырылып, келушілер тек тарихи дата емес, елдің жаңаруын, демократиялық құндылықтарын және ұлттық мақтанышын бейнелейтін символдық күннің маңыздылығын көзбен көріп, көкірекпен сезінді.

Салтанатқа жиналғандарды аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев құттықтап, мерекенің маңызын атап өтті.

-Құрметті сарқандықтар! Ардақты ағайын! Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

25 қазан – қазақ халқы үшін тарихи күн. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл сәт қазақ халқының мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының



Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 21 қазандағы №1053 Жарлығы бойынша төмендегі азаматтар Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталды

III дәрежелі "Еңбек Даңқы" орденімен

Тұқымбеков Қанапия Шаймұратұлы «Сарқан жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жүргізушісі.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен

Шулғабаев Алтай Камилұлы Сарқан аудандық орталық ауруханасының директоры.

«Шапағат» медалімен

Тазабекова Кенжетай Жұмағалиқызы

«Тастұма» шаруа қожалығының басшысы.

Қазақстан халқы ассамблеясының Құрмет грамотасымен

Калиева Кульшарбан Мырзабаевна Сарқан аудандық аналар кеңесінің

төрайымы

Жетісу облысының әкімі

Б.Исабаевтың Құрмет грамотасымен

Серікбаева Гүлнар Мұратқызы Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы.

Жетісу облысының әкімі

Б.Исабаевтың Алғыс хатымен

Байғунысов Алмас Ажарханұлы Сарқан ауданы әкімінің орынбасары.

Садвакасов Асет Тоқтарұлы

Сарқан ауданы, Қойлық ауылдық округінің әкімі.

Айтжанов Мақсат Нұрахметұлы Сарқан ауданы, Черкасск ауылдық округінің әкімі.



Шекарашылар мен ауыл тұрғындары Республика күнін бірге атап өтті



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының Сарқан шекара бөлімінің Екіаша және Басқан шекара бөлімшелерінің жеке құрамы Екіаша ауылдық округі әкімдігімен бірлесіп 25 қазан – Республика күніне орай мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

Шараға Екіаша ауылдық округінің әкімі, ауыл тұрғындары және шекара бөлімшелерінің әскери қызметшілері қатысты. Мерекелік басқосу елдік мейрамның маңызын айқындап, әскери қызметшілер мен жергілікті қауымдастық арасындағы байланыс пен патриоттық рухты нығайта түсті.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті.

Республика күніне арналған аудандық марафон



Жуырда Сарқан қаласында 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай бұқаралық марафон ұйымдастырылды.

Патриоттық рухтағы сайысқа 60-қа жуық тұрғын қатысып, қатысушылар 5 шақырымдық қашықтықта бақ сынады.

Шараның ашылуында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Алмас Ажарханұлы жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, спорт сүйер қауымға сәттілік тіледі.

Жарыс қорытындысында өзгелерден оқ бойы озып келген желаяқтар жүлделі орындарға ие болып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мерекелік марафон – сарқандықтардың салауатты өмір салтын насихаттауға және ел бірлігін нығайтуға бағытталған игі бастама болды.

Өз тілшіміз.

Әдепті болу - әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті

Мемлекеттік қызметшінің әдеби-өте маңызды ұғым. Өйткені, мемлекеттік қызметшінің тәртібі мен өзін-өзі ұстауына, кәсіби біліктілігіне, халықпен қарым-қатынасына қарай халықтың тұтас мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі,

өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы -әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі олардың қызметінен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың күмәнін тудырмау. Мемлекеттік қызметшілердің

әдеп кодексінің талаптарын сақтап, оны мүлтіксіз орындау әрбір адамның қоғамдағы жауапкершілігі мен міндеті деп есептеймін. Мемлекеттік қызметші қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі елдің ертеңі соларға байланысты. Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдепті сақтау жөнінде қойылатын негізгі талаптар

символы. Осы декларацияның қабылдануы арқылы Қазақстан кеңестік заңдардан бас тартып, өз Ата Заңын жасауға бағыт алды. Бұл құжат – Тәуелсіз Қазақстанның іргетасы. Егемендікпен бірге еліміздің дербестігі, жеке аумағы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті мен мемлекеттік рәміздері бекітілді.

Тарих бетінде жаңа парақ ашылып, халқымыздың еңсесі көтерілді, рухы оянды. Бүгінде Қазақстан тұрақты даму жолына түсіп, әлемдік қауымдастықта өз орнын айқын белгілеген, қарқынды дамып келе жатқан мемлекетке айналды.

Осы жолда Жетісу облысының ірі өңірлерінің бірі — Саялы Сарқан ауданы да ел дамуына елеулі үлес қосып келеді. 35 жыл ішінде ауданымыз айтарлықтай өсіп-өркендеді. Халықтың әл-ауқаты артып, тұрмыс сапасы жақсарып, бүгінгі күні, аудан халқының саны 39 мыңға жуықтады. Бірлігі бекем, тірлігі берекелі Сарқан ауданында 16-ға жуық ұлт өкілі тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – біздің ортақ байлығымыз, басты құндылығымыз.

Құрметті жерлестер! Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Еліміздің көк Байрағы желбіреп, келешегі көркейе берсін! Республика күні құтты болсын, - деді Ғалымжан Қанатұлы.

Мұнан соң аудан әкімі әр салада қажырлы еңбек етіп, жүйелі жұмысымен еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүргендерді марапаттады. Олардың қатарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ие болғандардың барлығы өңіріміз үшін зор мақтаныш болды. Сондай-ақ бірқатар жандар Жетісу облысы әкімі Б.Исабаевтың және аудан әкімінің Алғыс хатына, Құрмет грамотасына ие болды.

Бұдан соң салтанатты шара мерекелік концертке ұласты. Ән мен күй, жыр мен би бірлігіміз бен отансүйгіштігімізді нығайтқан мерекенің маңызын одан әрі асырып, тыңдармандар кеудесінде азаттық рухын әлдиледі.

Өз тілшіміз.

Қазан айының соңғы жексенбісі- қоғамдағы ең мейірімді де жауапты жандардың мерекесі, Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні. Бұл күн – өз өмірін өзгелерге көмектесуге, қамқорлық пен жан жылуын таратуға арнаған азаматтарға деген құрметтің белгісі.

Мемлекет тарапынан әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру бағытында көптеген игі істер атқарылуда. Алайда, бұл саладағы басты құндылық – адам жанына шынайы жанашырлықпен қарау, әрбір жанға үміт пен мейірім сыйлау болып қала береді.

Ізгілік пен еңбектің жеңісі

«Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде аудан бойынша 120 жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге және 46 мүгедектігі бар балаларға – 39 әлеуметтік қызметкер үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді.

Осындай мейірімді жандардың қатарында үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің әлеуметтік қызметкері Темірбаева Лаура Әбікенқызы бар.

Жуырда Жетісу облысы бойынша өткен «Әлеуметтік қорғау жүйесінің үздік жұмыскері және үздік әлеуметтік жоба» атты байқауында «Үйде қызмет көрсету ұйымының үздік әлеуметтік жұмыскері» номинациясы бойынша өз кәсібіне деген адалдығы мен жоғары шеберлігінің арқасында бас жүлдені жеңіп алды.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың 24- қазан күні Астана қаласында республикалық деңгейде өткізілген «Әлеуметтік вектор: кәсібилік, құрмет, цифрлық болашақ» атты Халықаралық форумға қатысып ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С. Жақыпованың Алғыс хатымен марапатталды.

Лаура Әбікенқызы - өз ісіне зор жауапкершілікпен қарайтын, қызмет алушылардың көңілін таба білетін, еңбекқор әрі жанашыр маман. Ол жалғызбасты қарттарға үнемі қолдау көрсетіп, олардың өмір сапасын жақсартуға бар күшін жұмсап келеді.

Бұл жетістік – тек жеке еңбектің емес, бүкіл ұжымның табысы. Лаура Абикеновнаны және барша әлеуметтік сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтаймыз!



Р. РЫСБЕКОВА,
жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге
үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі.

Дублёр күні – сенім мен тәжірибе тоғысқан сәт

Абай атындағы мектеп-гимназиясында дәстүрге айналған Дублёр күні биыл да ерекше көңіл-күймен және жоғары деңгейде аталып өтті. Бұл күн – оқушылардың өзін жаңа қырынан танытып, ұстаздар мен мектеп әкімшілігінің еңбегін бағалауға мүмкіндік беретін маңызды шаралардың бірі.

Биылғы Дублёр күні аясында мектебіміздегі 85 мұғалімнің орнына оқушылар сабақ беріп, түрлі бағыттағы жұмыстарды өз мойындарына алды. Әрбір дублёр өз пәнінің ерекшелігін ескере отырып, сабақ жоспарын құрып, оқушыларға қызықты әрі пайдалы сабақтар өткізді. Мұғалімнің орнында болу – үлкен жауапкершілікті талап ететін іс, ал дублёрлер бұл міндетті лайықты атқарып шықты.

Сонымен қатар, дублёрлер тек сабақ берумен шектелмей, мектептегі тәртіп, тәрбие, ұйымдастыру және сыныптан тыс жұмыстарды да басқарды. Олар директор, директордың орынбасары, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің рөлдерін сәтті сомдап, өз көшбасшылық қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетті.

Кіші сынып оқушылары дублёрлер өткізген сабақтарға ерекше қызығушылық танытып, белсенді қатысып, өз қуаныштарын жасырмады. Көптеген оқушылар дублёрлердің сабақтарынан жаңа ақпарат алып, үлкен әсерге бөленді. Кіші сынып оқушылары мен ұстаздар дублёрлердің еңбегіне дән риза болды.

Бұл күн – тек көңілді шара ғана емес, сонымен бірге үлкен тәрбиелік мәні бар іс-шара. Дублёр күні оқушылардың өз бетімен шешім қабылдау, жауапкершілік сезіну, топпен жұмыс істеу және көпшілік алдында еркін сөйлеу дағдыларын дамытуға зор ықпал етті. Мұндай тәжірибе әр оқушыға өмірлік сабақ берері сөзсіз. Себебі ұстаздық – тек білім беру емес, сонымен қатар шыдамдылық пен мейірімділікті қажет ететін жауапты еңбек екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Мектеп ұжымы Дублёр күніне белсене қатысқан барлық оқушыларға алғысын білдірді. Бұл күн оқушылардың шығармашылығын арттырып, бір-біріне деген сыйластық пен құрметті күшейтті. Алдағы уақытта да бұл игі дәстүр өз жалғасын табатынына сенім мол.

Дублёр күні — бірлік, еңбексүйгіштік пен жауапкершіліктің айқын көрінісі болды.

Т.СЕРЖАНҚЫЗЫ,
«Абай атындағы мектеп-гимназия» мектеп президенті,
10 “Б” сынып оқушысы.



Әлеуметтік қызметкер – жүректен шыққан мамандық

Әлеуметтік қызметкер күні – көмекке мұқтаж жандардың жанына жалау, жүрегіне жылу сыйлайтын жандардың кәсіби мерекесі. Бұл күні біз қоғамның әлсіз топтарына қолдау көрсетіп жүрген барлық мамандарға шынайы алғыс білдіреміз.

Осы орайда өз ісіне адал, мейірімділік пен жанашырлықты өмірлік ұстанымына айналдырған «Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде қызмет көрсету бөлімшесі» бөлімше меңгерушісі Диханбаева Тұрсынай Байсалдықызына және әлеуметтік қызметкер Белесбаева Динара Жұмағалиқызына ата-ана атынан алғысымыз шексіз.

Динара Жұмағалиқызы көп жылдан бері әлеуметтік салада қажырлы еңбек етіп келеді. Әр қызмет алушы балаға жеке көзқараспен қарап, шынайы тіл табысып, қол ұшын беруден ешқашан жалыққан емес. Күнделікті жұмыстағы кәсібилігі, жауапкершілігі мен шын жанашырлық өте жоғары. Динара Жұмағалиқызына жұмысына табыс, отбасына амандық, деніне саулық тілеймін. Көңілі дархан, жүрегі кең, осындай жұмысына адал-мамандар көп болсын!

Ернар ИБРАИМОВ,
ата-ана.

Күзгі бал – шаттық пен сұлулықтың алтын шағы

«Күз – молшылық пен мейірімнің, пісіп-жетілу мен сұлулықтың мезгілі». Күздің самалы есіп, алтын жапырақтар жерге төгілген сәтте “Жанұя” отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жүрек жылуына толы шаңырағында ерекше мереке өтті. Күн шуағындай жылы көңіл сыйлаған бұл шараның аты – “Күзгі бал”.

Аталған кешті орталықтың қызмет алушылары үлкен дайындықпен, шабытпен ұйымдастырды. Күздің көркем келбетіндей бұл мереке шаттық пен сұлулыққа, өнер мен шабытқа толы болды. Кешке қатысушылар көздің жауын алатын әсем киімдерімен, жарқын күлкісімен, сахнадағы өнерімен көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

«Өнерлі өрге жүзер» демекші, әрбір қатысушы өзінің таланты мен тапқырлығын, би мен әнге деген сүйіспеншілігін паш етті. Бірі нәзік әуенмен жүректі тербесе, енді бірі сахнаға шуақ шашқан биімен көңілді



толқытты.

Күздің сары бояуына боялған сахнада шат күлкі, жылы сөз, ықылас пен құрмет өзара үндесіп, мерекелік кешті шырайландыра түсті. «Күздің әрбір жапырағы – табиғаттың алтын сыры» десек, бұл кеш те сол алтын сәттердің бірі болып тарихта қалары сөзсіз.

Қазылар алқасы қатысушылардың орындаушылық шеберлігін, сахна мәдениетін және дайындық деңгейін бағалай отырып, нәтижесінде: 1 орын – «Күміс ғасыр» тобына, 2 орын – «Гүлдер-ай» тобына, 3 орын – «Жер ана» тобына бұйырды.

Барлық қатысушылар мадақтама мен естелік сыйлықтарға ие болып, көптің қошеметіне бөленді.

Шара соңында қатысушылар орталықтың мамандары мен жетекшілеріне жылы лебіздерін білдіріп, алғыстарын айтты.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» дегендей, бұл кеш — тек сайыс емес, бірліктің, достықтың және өмірге деген сүйіспеншіліктің мерекесі болды.

“Жанұя” орталығының қызмет алушылары осы мереке арқылы өздерінің өмірге деген белсенді



көзқарасын, рухани байлығын және ортақ қуанышқа деген ықыласын көрсетті.

Кеш соңында әсем әуенге елтіген жұрт: «Күздің кеші – көңілдің көркі, шабыттың шуағы екен!» – деп тарқасты.

Күз – береке мен ізгіліктің, мейірім мен алғыстың мезгілі. Осындай мерекелер жүректерге жылу, жүздерге күлкі ұялатып, әрбір жанға өмірдің әсемдігін сезіндіреді.

«Көңіл – шырақ, шабыт – от» десек, бұл “Күзгі бал” сол шырақты жағып, әр жүрекке от сыйлаған мереке болды.

Е.БИЛЕШБАЙ,
“Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру” орталығының әлеуметтік маманы.

Конкурсқа шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің аумағы	Ауыл шаруашылық мақсаты	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің пайдалану мақсаты	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
1	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
2	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
3	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
4	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
5	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
6	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
7	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
8	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
9	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
10	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
11	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
12	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы
13	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы	Жер учаскесінің аумағы

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 17 мен 28 қараша дейін қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2025 жылдың қараша айының 28-і, сағат 18.30-ға дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2025 жылдың желтоқсан айының 01-і, сағат 10.00-де мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде: 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер; 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер; 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері; 4) конкурстық ұсыныс; 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

Ақшаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.”;

Конкурстық ұсыныс, “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде “шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс” және “ жылғы _____ ” дейін ашуға болмайды” (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.

Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

№	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
1	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
2	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
3	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
4	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
5	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
6	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
7	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
8	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
9	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
10	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
11	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
12	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка
13	Местоположение земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка	Площадь земельного участка

Извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственноно производства

Сарканский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» в районной газете «Саркан» и интернет-ресурсе Акимата Сарканского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней, с 17 по 28 ноября, по адресу: (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тынышбаева №8), в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношенийСарканскогорайона.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 28 ноября 2025 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 01 декабря 2025 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тауелсіздік №111) в большом зале районного акимата Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать: для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя; для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя; местоположение земельного участка, на который претендует заявитель; конкурсное предложение; обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

Конкурсное предложение, за исключением предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителем Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: ____ " ____ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72839) 2-17-93, 2-16-72 (районное управление земельных отношений).

Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, АҚЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ ЖОМАРТ ИГІМАН ОҚУЛАРЫ

Мектеп оқушылары арасындағы «Таңдайына сәруар сөз ұялаған» атты көркемсөз оқу шеберлерінің, жас ақындардың байқауы Тәуелсіздік күніне арналады.

Байқаудың мақсаты:

Жомарт Игіман шығармашылығын жастар арасында насихаттап, ақынның туындылары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, ұлттық рухқа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Байқаудың ережесі:

Байқау 2025 жылғы желтоқсанның 8-інде Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте өтеді. Байқауға қатысушылар ақынның бір туындысын және өзінің шығармашылығынан бір өлеңді жатқа оқып, өлең-өнер жайындағы алдын ала жазған эссесін ұсынады.

Қазылар алқасы қала мектептерінің 1-11 сыныптарынан, колледждерден іріктеуден өткен көркемсөз оқушылардың шеберлігін сарапқа салып, жүлделі үш орынның және ынталандыру сыйлықтарының жеңімпаздарын айқындайды.

Талапкерлердің мәтінді таңдау талғамына, оқу шеберлігіне, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахнада өзін ұстауына баса мән беріледі.

Мектеп әкімшіліктері байқауға қатысушылар туралы мәліметті (аты-жөні, мектебі, сыныбы, өлең тақырыбы) желтоқсанның 1-іне дейін аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне тапсыру керек.

Анықтама үшін 2-18-82.



Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі.

Орман екпелеріне жер қазу жұмыстары жасалды

«Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында 2026 жылға орман екпелерін дайындау жұмыстары жүргізілді. Жоспарға сәйкес жалпы көлемі 3 гектар жер қазылып, ағаш отырғызуға толықтай дайындалды.

Бұл шараның мақсаты – орман алқаптарын ұлғайту және экожүйенің тұрақтылығын сақтау. Жер қазу барысында топырақтың құнарлылығы ескеріліп, табиғи жағдайларға сай учаскелер тандалды. Дайындалған аумақтарда келесі көктемгі маусымда жергілікті ағаш түрлерінің көшеттері отырғызылмақ. Бұл шара орманның табиғи қалпына келуіне және жасыл желектің көбеюіне зор үлес қосады. Жерді уақтылы дайындау – болашақ орман екпелерінің сапалы өсіп, табиғи ортаға бейімделуінің негізгі кепілі.

О.КАЙСЫКОВ,

«Жоңғар Алатауы МҰТТ»РММ Алакөл филиалы
Көкжар орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Екіаша орта мектебі дене шынықтыру пән мұғалімі **Таңсық Төлегенқызын** туған күнімен құттықтаймын! Еткен еңбектің еленгені кімге де болса зор қуаныш, көңілге үлкен медет. Осы орайда аталмыш туған күн иесінің еңбек демалысының әр күні шаттыққа, жан жадыратар қуанышқа толы болсын. Өмір жолың ұзақ болып, денсаулық, бақыт, байлық алып келсін. Ұзақ жылғы қажырлы еңбегіңнің бұдан кейін лайықты зейнетін көріп, арамызда аман-есен жүре беруіңе шынайы ықыласымды қосамын.

Көмкеріп жақсылықта көңіліңді,

Ақтарасың ортаға сезіміңді.

Зейнет жасың ғасыр жасқа ұлассыншы,

Бір Алла ұзақ қылып өміріңді.

Ізгі ниетпен: зейнеткер ұстаз Салтанат Жақсылықова, Екіаша ауылы.



БАСПАСӨЗ - 2026

Руханиятымыздың шамшырағы болған республикалық «Абай» журналы бүгінгі ұрпақтың санасын оятатын, ой мен парасаттың мектебі. Ұрпағымыз ұлт рухымен сусындасын десек, үйімізге «Абай» журналы келіп тұрсын!

Бәріміз жазылып, рухани тұрғыдан бай-қуатты болайық!

Индексі 75900 «Абай» журналы. Жазылу «ҚАЗПОШТА» мекемесіне қарайтын байланыс бөлімшелерінде жүргізіледі. Егер уақытыңыз болмай жатса, журналға «Kaspi Gold» арқылы (8 775 680 39 63 Райхан. Ш) жазылуларыңызға да болады. Ақша аударар кезде (толық аты-жөніңіз), қайда (облыс, аудан/қала, ауыл, көше, үй нөмірі, индекс) жіберетінін жазуды ұмытпаңыз.

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Қала бойынша:

Алты айға – 3 773,58

Бір жылға – 7 547,16

Заңды тұлға үшін:

Алты айға - 3 910,56

Бір жылға - 7 821,12

Алла разы болсын, Абай рухы қолдасын!



БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сансаланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!

Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

**Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 5172 теңге.**

**Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы -
6172 теңге.**

**Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы -
7172 теңге.**

•Еске алу

АСЫЛ АДАМ

Бүгін – асыл жар, әке, аға, жездеміз **Алипов Жанайдар Қалибекұлының** өмірден өткеніне бір жыл толған күн. Уақыт өтіп жатса да, жүректегі сағыныш кемімейді, керісінше, оның қадірі арта түседі.

Жездеміз, ағамыз Алипов Жанайдар Қалибекұлы – ауылдың арқа сүйер азаматы, ақылшысы, адал еңбегімен ел құрметіне бөленген тұлға болды. Ол кісі ауылымыздың өркендеуіне үлкен үлес қосқан, ұзақ жылдар бойы МТМ мекемесін басқарып, талай жастың тағдырына оң әсер еткен, ұжымға ұйытқы, елге қамқор, отбасына тірек болған абзал жан еді. Тек техника маманы ғана емес, соны игеруге жастарды үйреткен ұстаз, тәлімгер болатын. Жастарды іскерлікке баулып, еңбекке тәрбиелеуде аянбай тер төкті.

Жездем еңбекқорлығымен, сабырлы мінезімен, кең пейілімен баршамыздың жүрегімізде мәңгілік қалды. Өрбір сөзі мен ісі – кейінгі ұрпаққа өнеге, өмір мектебі іспетті.

Отбасында да бақытты ғұмыр кешіп, әпкеммен бірге 50 жылдан астам тату-тәтті өмір сүріп, ұл-қыздарын оқытып, тәрбиелеп, немере-шөбере сүйді. Үлгілі әке, асыл жар ретінде бәрімізге үлгі бола білді. Біздерге, балдыздарына, әрдайым әке орнына әке болып, қамқорлығын аяған емес. Қай кезде де сабырлы ақылын, жылы сөзін, шапағатын сезініп жүрдік.

Зейнетке шыққаннан кейін де елден қол үзбей, ауыл өмірінің тыныс-тіршілігіне белсене араласып жүрді. Ақсақалдар кеңесінде беделді, сөзі өтімді, ел-жұртына қадірлі адам болды, ауылдың ақсақалына тән ақылын айтып, көпке үлгі болды.

Өмірдің әр кезеңін сабырмен, шүкірмен өткеріп, иманды жүзбен өмірмен қош айтысты. Жақсы адам – артында із қалдыратын адам. Жездеміздің кең жүректі, елге қадірлі, өнегелі өмір жолы – соның дәлелі. Артында қалған перзенттері, немере-шөберелері – сол өнегенің жалғасы, ұрпағына аманат.

Бүгін біз жездемізді сағынышпен еске ала отырып, Алладан жәннатта болуын тілейміз. Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын. Иманы жолдас болғай! Есімі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Жұбайы Нұржікен, балдыздары, бажалары, балалары мен немере-шөбере атынан сағынышпен еске алушы — Райхан АБЫЛМАНСҰРҚЫЗЫ.

Семей қаласы.



Сарқан аудандық Пошта байланыс торабы ұзақ жылдар бойы Аманбөктер ауылдық пошта бөлімі басшысы ретінде қызмет атқарған

Ақжолова Ақжүніс

Букариқызының

дүниеден өтуіне байланысты, отбасының қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

Жарамсыз деп танылсын

► **Адамбекова Света Кудышевнаның** атына тіркелген Лепсі ауылы, Жамбыл көшесі 2 үй, 1 пәтердің 0,0861 га көлемі жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-058-660) жеке меншікке құқық беретін №1152211 мемлекеттік тіркеу актісі және де өзге де құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Алинов Ермек Шапияновичтің** атына тіркелген 219 АЕІ 19 нөмірлі Volkswagen VC 996943 нөмірлі жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Аязбеков Мамырбек Аубакировичтің** атына 963 АЕН 05 нөмірлі Lada Priora маркалы автокөліктің №BV00165181 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Сарабаев Еркенбек Турғумбековичтің** атына тіркелген 219 АЕІ 19 нөмірлі Volkswagen Golf маркалы автокөліктің №VJ 99883362 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **«Фирма Тамерлан» ЖШС** атына тіркелген Сарқан ауданында орналасқан 21,0 га көлемі жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-072-247) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беретін №1518060 мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Құрылтайшысы:

"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН ЖОМАРТ МАҚАТҰЛЫ

Бас редактор:

ЖЕҢІСХАН ПАРТИЯ

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.